

## Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушысын айқындау туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 25 ақпандағы № 47 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 26 ақпанда № 3604 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 25.01.2024 № 15 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының 2-бабының 16) тармақшасына сәйкес, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерістер енгізілді - Түркістан облысы әкімдігінің 15.10.2019 № 231 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. "Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушы болып айқындалсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Түркістан облысы әкімдігінің 06.09.2018 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Алынып тасталды - Түркістан облысы әкімдігінің 15.10.2019 № 231 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Алынып тасталды - Түркістан облысы әкімдігінің 15.10.2019 № 231 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Садырға жүктелсін.

*Облыс әкімі*

*Б.Атамқұлов*

*Д.Сатыбалды*

*Б.Жылқышиев*

*С.Қаныбеков*

*Е.Садыр*

*С.Тұяқбаев*

*А.Абдуллаев*

*К.Мендебаев*

Оңтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің 2016 жылғы  
"25" ақпандағы № 47 қаулысына  
қосымша

**Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуді мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушысы жүзеге асыратын бюджеттік бағдарламалар және тауарлар, жұмыстар, қызметтер**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы әкімдігінің 06.09.2018 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Бюджеттік бағдарламалар:

- 1) мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту;
- 2) мәдениет объектілерін дамыту;
- 3) спорт объектілерін дамыту;
- 4) мұрағат объектілерін дамыту;
- 5) туризм объектілерін дамыту;
- 6) қоршаған ортаны қорғау объектілерін дамыту;
- 7) аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне спорт объектілерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері;
- 8) аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне жылу-энергетикалық жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері.

2. Сатып алуы ерекше тәртіпті қолдана отырып жүзеге асырылатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер.

